



Г.И. Кушенова ^{1*}, Е.А. Абдраимов ²

^{1*} Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің
қауымдастырылған профессоры, т.ғ.к.
Астана, Қазақстан Республикасы, e-mail: kushenovaganizhamal@gmail.com

² Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің докторанты
Астана, Қазақстан Республикасы, e-mail: erla-n@mail.ru

ЖӘДИТТІК БІЛІМ РЕФОРМАЛАРЫ АЯСЫНДА ХУСАИНОВТАР МЕДРЕСЕСІНІҢ ТӘЖІРИБЕСІ: ТАРИХИ-ДЕРЕКТАНУЛЫҚ ТАЛДАУ

Аңдатпа

Мақалада ХІХ ғасырдың соңы мен ХХ ғасырдың басында Ресей империясы құрамындағы түркі-мұсылман қауымдарында орын алған интеллектуалдық жаңғыру үдерісі мен дәстүрлі білім беру жүйесінің реформалануы қарастырылады. Зерттеу жәдитшілдік қозғалысының қалыптасуы мен эволюциясын айқындай отырып, оның практикалық жүзеге асуының нақты үлгісі ретінде Хусаиновтар медресесінің қызметін тарихи-деректанулық әдістер негізінде талдайды.



Зерттеу нысаны ретінде архив қорларында сақталған Хусаиновтар медресесінің оқу бағдарламалары, Жарғысы және педагогикалық кадрлар құрамына сүйене отырып, оның білім беру сапасы зерделенді.

Алынған нәтижелер жәдиттік қозғалыстың қалыптасуы көпқырлы тарихи алғышарттардың, оның ішінде империялық басқару, өңірлік діни-рухани өзгерістер және жаһандық ықпалдар тоғысында пайда болғанын айқындайды. Осы контекст ішінде Хусаиновтар медресесінде дарынды шәкірттерді қажылық сапарына жіберу және олардың діни-ғылыми дайындық деңгейін арттыруға арналған арнайы ережелер жүйесінің қалыптасуы білім беру реформаларының нақты жүзеге асырылу жолдарын көрсетеді. Мұндай басқару және ұйымдастыру тетіктері оқу ордасының өңірлік шеңберден шығып, мұсылман әлемінің интеллектуалдық дәстүрлерімен тікелей байланыс орнатуға ұмтылғанын дәлелдейді.

Сонымен қатар, Хусаиновтар медресесінің тәжірибесі білім беру реформаларының нақты іске асу жолдарын көрсете отырып, Орталық Азиядағы ислам модернизмі мен мұсылман қоғамындағы білім беру тарихын зерттеуде маңызды тарихи әрі ғылыми мәнге ие екендігін дәлелдейді.

Кілт сөздер: жәдитшілдік, Хусаиновтар медресесі, білім бағдарламасы, жарғы, дәстүрлі діни білім.

Алғыс айту: Жұмыс «Исламшылдық, түрікшілдік және Алаш қозғалыстарының тарихы: дәстүрлер диалогы мен ұлттық бірегейлікті қалыптастыру ерекшеліктері» (ИРН АР23484987) гранттық қаржыландыру аясында Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитетінің қаржылық қолдауымен орындалды.

Г.И. Кушенова ^{1*}, Е.А. Абдраимов ²

¹ Ассоциированный профессор
Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева, к.и.н.
Астана, Республика Казахстан, e-mail: kushenovaganizhamal@gmail.com

² Докторант Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева,
Астана, Республика Казахстан, e-mail: erla-n@mail.ru

ОПЫТ МЕДРЕСЕ ХУСАИНОВЫХ В РАМКАХ ДЖАДИДСКИХ ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫХ РЕФОРМ: ИСТОРИКО-ИСТОЧНИКОВЕДЧЕСКИЙ АНАЛИЗ

Аннотация

В статье рассматриваются процессы интеллектуального обновления и реформирования традиционной системы образования у тюрко-мусульманских обществ, входивших в состав Российской империи в конце XIX - начале XX века. Исследование, выявляя формирование и эволюцию джадидистского движения, анализирует деятельность медресе Хусаиновых как конкретный пример практической реализации этого течения, опираясь на историко-источниковедческие методы.



В качестве объекта исследования на основе архивных фондов были проанализированы учебные программы, Устав и состав педагогических кадров медресе Хусаиновых, что позволило оценить качество образования в данном учебном заведении.

Полученные данные свидетельствуют о том, что формирование джадидского движения происходило в условиях сложного взаимодействия исторических факторов, включая особенности имперского управления, региональные религиозно-духовные трансформации и глобальные влияния. В медресе Хусаиновых формировалась система правил, направленных на организацию хаджа для одарённых учеников и повышение их религиозно-научной подготовки, что отражает конкретные механизмы реализации образовательных реформ. Эти организационные практики демонстрируют стремление учебного заведения выходить за пределы регионального уровня и устанавливать связи с интеллектуальными традициями мусульманского мира. Полученные результаты позволяют рассматривать медресе Хусаиновых как важный центр джадидского просвещения с влиянием, выходящим за рамки региона.

Кроме того, опыт медресе Хусаиновых, демонстрируя практические пути реализации образовательных реформ, подтверждает его важное историческое и научное значение для изучения исламского модернизма и истории образования мусульманского общества в Центральной Азии.

Ключевые слова: джадидизм, медресе Хусаиновых, образовательная программа, устав, традиционное религиозное образование.

Благодарность: Работа выполнена при финансовой поддержке Комитета науки Министерства науки и высшего образования Республики Казахстан в рамках грантового финансирования «История движений исламизма, тюркизма и Алаш: диалог традиций и особенности формирования национальной идентичности» (ИРН AP23484987).

G.I. Kushenova ^{1*}, Ye.A. A. Abdraimov ²

¹ Associate Professor at L. Gumilyov Eurasian National University, Candidate of Historical Sciences

Astana, Republic of Kazakhstan. e-mail: kushenovaganizhamal@gmail.com

² PhD student at L. Gumilyov Eurasian National University
Astana, Republic of Kazakhstan. e-mail: erla-n@mail.ru

THE EXPERIENCE OF THE HUSAINOV MADRASAS WITHIN THE FRAMEWORK OF JADIDIST EDUCATIONAL REFORMS: A HISTORICAL AND SOURCE-CRITICAL ANALYSIS

Abstract

The article examines the processes of intellectual renewal and the reform of the traditional

education system in Turkic-Muslim societies within the Russian Empire in the late 19th and early 20th centuries. The study, by tracing the formation and evolution of the Jadidist movement, analyzes the activities of the Husainov madrasas as a specific example of the practical implementation of this movement, relying on historical and source-critical methods.

As the object of study, archival materials were used to analyze the curricula, charter, and composition of teaching staff of the Husainov madrasas, which made it possible to assess the quality of education provided in this institution.

The data indicate that the development of the Jadidist movement took place within a complex set of historical conditions, including aspects of imperial governance, regional religious and spiritual changes, and broader global influences. At the Khusainov madrasa, a system of regulations was established to organize the Hajj for selected students and to enhance their religious and scholarly training, reflecting specific mechanisms for implementing educational reforms. These organizational practices suggest that the institution sought to extend its activities beyond the regional level and engage with broader intellectual traditions within the Muslim world. The findings support the characterization of the Khusainov madrasa as a center of Jadidist education with influence extending beyond its immediate region.

Furthermore, the experience of the Husainov madrasas, demonstrating practical pathways for implementing educational reforms, confirms their significant historical and scholarly value for the study of Islamic modernism and the history of education in Muslim societies in Central Asia.

Keywords: Jadidism, the Khusainov Madrasah, Educational Program, Charter, Traditional Religious Education.

***Acknowledgement:** The work was carried out with the financial support of the Science Committee of the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan (IRN No. AP23484987) within the framework of the grant funding «The History of the Islamist, Turkist, and Alash Movements: Dialogue of Traditions and Specific Features of National Identity Formation».*

Кіріспе. XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында Ресей империясындағы түркі-мұсылман халықтары арасында интеллектуалдық серпіліс байқалып, білім беру жүйесін реформалау үдерісі айтарлықтай қарқын алды. Бұл тарихи құбылыстың мазмұны жәдитшілдік қозғалысының қалыптасуы мен дамуы арқылы айқындалады. Осы тұрғыдан алғанда, зерттеу жұмысы архивтік материалдар негізінде жәдиттік білім ордасы ретінде танылған Хусаиновтар медресесінің қызметін тарихи-деректанулық әдістермен кешенді түрде талдауды мақсат етеді.

Аталған қозғалыстың табиғатын тереңірек түсіну үшін ең алдымен сол кезеңде қалыптасқан негізгі ұғымдардың мазмұнын нақтылау қажет болды. Осы мақсатта қолжетімді деректерге сүйене отырып, «исламшылдық» және «жәдитшілдік» ұғымдарына ғылыми негізделген анықтамалар ұсынылды.

Әсіресе, «исламшылдық» ұғымы (еуропалық зерттеушілердің «панисламизм» ұғымымен ұштасады) кең талқыланды. Ол ғылыми әдебиеттерде нәсіліне, тіліне немесе этникалық құрамына қарамастан барлық мұсылман халықтарын ортақ исламдық бірегейлік аясында біріктіруді мақсат еткен идеология ретінде сипатталады. Бұл бағыттың негізгі міндеті – ислам мемлекеттері мен мұсылман қауымдарын саяси және рухани байланыстарға сүйене отырып біртұтас қауымдастыққа айналдыру болып табылады [1. 69].

Исламшылдық идеялардың ықпалы Ресей империясына да жетіп, жергілікті мұсылман қоғамында реформаторлық үдерістердің басталуына жағдай жасады. Осы контекстте, зерттеуші А. Халидтің пікірінше, XX ғасырдың басында Орта Азияға енген модернистік исламдық реформалар «жәдитшілдік» деген атаумен қалыптасып, жергілікті ерекшеліктерге ие болды. Бұл қозғалыс негізінен XIX ғасырдың соңында дәстүрлі мұсылмандық білім беру жүйесін сынға алумен басталып, кейін қоғамдық өмірдің көптеген салаларын жан-жақты жаңғыртуды насихаттаумен өз шарықтау шегіне жеткен болатын [2, 128]. Бұхара әмірлігінде жәдитшілдік идеяларды жүзеге асыруға белсене араласқан топ өздерін «Жас бухарлықтар» деп атады. Сөйтіп, олар Осман империясындағы «Жас түріктер» қозғалысымен салыстырылды [3, 5-6].

Алайда, модернистік бағдарды ұстанған жәдитшілердің әрекеттері дәстүршіл ұстанымдағы «қадимшылар» тарапынан айтарлықтай қарсылыққа ұшырады. Осылайша, жәдитшілдік пен қадимшілдік арасындағы пікірталастар күрделі идеологиялық сипатқа ие болды. Бұл өз кезегінде ХХ ғасырдың басындағы Орталық Азиядағы ислам модернизмінің мәнін және оның жергілікті қоғамға әсерін тереңірек зерттеудің қажеттілігін көрсетеді. Өйткені, зерттеушілердің пікірінше, қолда бар деректердің басым бөлігі ұлттық немесе кеңестік тарихнаманың шеңберінде қарастырылғандықтан, қозғалыстың исламдық мәні мен рухани аспектілері көп жағдайда жеткілікті түрде көрінбей қалып отыр. Ал, аталмыш қозғалысты «жәдитшілік», яғни ислам модернизмі ретінде қарастыру мұсылман әлемінің модернизммен ықпалдасуын кеңірек түсінуге, сондай-ақ мұсылман қоғамдарын зерттеуде қалыптасқан көптеген ұғымдар мен категорияларды қайта қарауға мүмкіндік береді [4, 16].

Осы тұрғыда, жәдитшілдік идеяларын нақты іске асырудағы тәжірибелік үлгілердің бірі ретінде Хусаиновтар медресесінің рөлі ерекше қызығушылық тудырады. Бұл білім ордасы жәдиттік білім реформаларын енгізуде нақты әрекеттер атқарып, олардың қоғамдағы ықпалын бағалауға мүмкіндік беретін практикалық алаң ретінде қызмет етті.

Соған орай, зерттеудің өзектілігін былайша айқындауға болады: Хусаиновтар медресесінің тәжірибесін талдау жәдиттік реформалардың нақты жүзеге асу жолдарын көрсетуге мүмкіндік береді. Осы тұрғыдан, оқу бағдарламасы, оның мазмұны және жарғысы арқылы қозғалыстың мәдени және әлеуметтік ықпалы жан-жақты көрініс табады, қоғамдағы жаңғыру идеялары мен әлеуметтік қатынастарға әсер ету механизмдері айқындала түседі. Сонымен қатар, медресе діни және зайырлы білімді үйлестіре отырып, жаңа оқыту әдістерін енгізгендіктен, оның тәжірибесі қазіргі білім жүйесінің тарихи негіздерін түсінуде маңызды негіз құрайды. Сол себепті, Хусаиновтар медресесінің тәжірибесін айқындаушы негізгі құжаттар Орталық Азиядағы исламдық жаңғыру үдерісін зерттеуде түпнұсқа дереккөз ретінде ғылыми құндылыққа ие.

Қорытындылай келе, зерттеудің ғылыми маңызы – жәдиттік білім реформаларының медресе тәжірибесінде нақты жүзеге асырылуын көрсету арқылы Орталық Азиядағы ислам модернизмі мен білім беру тарихын жаңа қырынан талдауға мүмкіндік беруінде жатыр. Бұл тарихи, мәдени және педагогикалық зерттеулер үшін маңызды ғылыми негіз болып табылады.

Зерттеу әдіснамасы мен материалдар. Зерттеу ХІХ ғасырдың соңы – ХХ ғасырдың басындағы саяси, экономикалық және рухани жағдайларды контекстік талдау арқылы тарихилық пен объективтілік принциптерін ұстана отырып, жәдитшілік қозғалысын кең ауқымды модернизация үрдісінің бөлігі ретінде түсіндіретін өркениеттік және әлеуметтік мәдени тәсілдер негізінде жүргізілді.

Осыған байланысты, зерттеу жұмысында тарихи-деректанулық талдау негізгі әдіс ретінде қолданылды. Бұл әдіс нақты мұрағат деректеріне негізделіп, медресенің мазмұнын, құрылымын және өзгерістер динамикасын жан-жақты зерттеуге, сонымен қатар, медресе қызметінің ұйымдастырылу формалары арқылы қоғамға әсер ету механизмдерін дәлелді түрде айқындауға мүмкіндік береді.

Зерттеу барысында қолданылған тарихи-салыстырмалы әдіс аймақтағы жәдиттік реформа-ларға дейінгі және кейінгі жағдайды тарихи деректер негізінде салыстыруға мүмкіндік береді.

Ал тарихи-хронологиялық әдіс зерттеу тақырыбының уақыттық шектерін дәл айқындап, қарастырылып отырған құбылыстың қалыптасуы мен дамуының кезеңдік динамикасын ашуға мүмкіндік береді. Бұл әдіс жәдиттік білім реформаларының басталу алғышарттарын, олардың жүзеге асырылуын және тарихи үдерісті бірізді талдауға көмектеседі.

Тарихи-генетикалық әдіс тақырыпқа қатысты ұғымдардың пайда болу алғышарттарын, даму динамикасын және тарихи үдерістің себеп-салдарлық байланыстарын анықтауға мүмкіндік беретін маңызды ғылыми тәсіл болып табылады. Бұл әдіс зерттеліп отырған құбылысты өз дәуірінің идеологиялық, әлеуметтік және мәдени контекстімен байланыстырады.

Сондай-ақ контент-талдау әдісі Хусаиновтар медресесіндегі жәдиттік реформалардың мазмұнын дәл және терең көрсетуге мүмкіндік беретін негізгі зерттеу құралдарының бірі болып табылады. Бұл әдіс архивтік деректердің сапалық және сандық сипаттамаларын пайдалана отырып, медресе тәжірибесінің педагогикалық, ұйымдастырушылық және әдістемелік ерекшеліктерін ғылыми тұрғыдан талдауға мүмкіндік береді.

Жалпы алғанда, қолданылған әдістер мен методологиялық ұстанымдардың жиынтығы жәдиттік білім реформаларының жүзеге асырылуын Хусаиновтар медресесінің мысалында жан-жақты әрі объективті түрде зерттеуге, білім беру жүйесіндегі құрылымдық және мазмұндық өзгерістерді анықтауға және олардың тарихи маңызын айқындауға мүмкіндік береді.

Сонымен, зерттеу тақырыбы аясында мынадай түпнұсқа дереккөздер мен монографиялар, ғылыми мақалалар қолданылды.

Басты түпнұсқа дереккөздер ретінде Ресей Федерациясының Орынбор қаласында орналасқан Орынбор облысының Біріктірілген мемлекеттік архивінде сақталған «Сведения о медресе Хусаиновых в г. Оренбурге» [5] және «Устав попечительного совета о магометанских училищах и мектебе имени умершего Ахмета Галеевича Хусаинова» [6] атты № 213 қордың материалдары пайдаланылды.

Бұған қоса, Ресей Мемлекеттік тарихи архивінің №821 қорында сақталған «Рапорт коллежского советника А.А. Кологривова о командировке в Степной край для изучения причин усиленного развития сектантства» [7] атты іс қолданылды.

Сондай-ақ жаңа әдісті білім бағдарламасының негізін қалаған И. Гаспринский [8] мен қазақ зиялыларынан А.Бөкейханның [9] шығармалар жинағы зерттеудің деректік базасын толықтыра түсті. Бұл деректер ғылыми талдау жүргізуге қажетті контекстті қамтамасыз етіп, зерттеу тақырыбының теориялық және тарихи ауқымын кеңейтеді.

Зерттеу жұмысының ғылыми теориялық негізін әзірлеуде Г. Кушенова, А.Ауанасова, Р.Дрозд [1], А.Халид [2; 4] және К.Ауанасова, Е. Нұрпейсов, А.Ибраева [3], Р.Х. Калимуллин [10] жеке және ұжымдық еңбектері қолданылды.

Зерттеушілер Г.Кушенова, А.Ауанасова, Р.Дрозд ХІХ ғасырдың соңы мен ХХ ғасыр басындағы қазақ даласындағы исламдық қозғалыстардың жаһандық үрдістермен байланысына назар аудара отырып, аймақтың саяси-мәдени эволюциясына ықпал еткен факторларды тарихи-салыстырмалы әдіс арқылы зерделейді. Ал А. Халидтің еңбектері мұсылмандық модернизм, отарлық және постколониалдық дискурстар, білім беру реформалары мен діни практикалардың трансформациясы сынды салалардағы теориялық негіздерді айқындайды. Автор исламдық реконфигурация үдерісін құрылымдық-тарихи талдау, интеллектуалдық тарих және әлеуметтік антропология тәсілдерін ұштастыра отырып қарастырады.

Осы ғылыми-теориялық тұғырнама негізінде А. Ауанасова, К. Ауанасова, Е. Нұрпейсов және А. Ибраеваның еңбектерінде жәдиттік қозғалыстың ұлттық сана қалыптастырудағы, аймақтық автономия идеяларын алға жылжытудағы және жаңа саяси элита қалыптастырудағы рөлі кешенді тарихи-саяси талдау арқылы сипатталады. Бұл бағыт жәдиттік реформизмнің тек білім беру саласымен шектелмей, кең ауқымды мемлекеттік және қоғамдық құрылымдарға бағытталған модернизациялық бағдар ұсынғанын көрсетеді.

Осы жалпы ғылыми контекст империя билігінің ислам дініне қатысты нақты саяси ұстанымдарын жаңа қырынан қарастыруға мүмкіндік береді. Даниэль Брауэр империялық діни саясаттың күрделі, көпқырлы және үнемі өзгеріп отырған үдеріс болғанын, онда діни төзімділік, прагматикалық мүдделер мен геосаяси факторлардың өзара байланысы шешуші рөл атқарғанын атап өтеді [11]. Осыған ұқсас тұжырым И.В. Волковтың еңбегінде де кездеседі [12]. Ол империяның панисламизмге қатысты саясатын жекелеген оқиғаларға берілген кездейсоқ реакция емес, жүйелі сипатқа ие тұрақты мемлекеттік ұстаным ретінде түсіндіреді.

Империялық биліктің исламға қатысты мұндай ұстанымы, Батыстың сол кезеңдегі интеллектуалдық ықпалы және мұсылмандық білім беру мен діни тәжірибедегі тоқыраушылық құбылыстары жергілікті мұсылман қоғамдарындағы реформаторлық

үрдістерге, соның ішінде білім беру саласындағы жаңашылдықтардың жеделдеуіне ықпал етті. Осы реформаторлық қозғалыстардың ең көрнекті көріністерінің бірі – жәдиттік мектептердің қалыптасуы мен кеңеюі болды. Сөйтіп, империя аумағындағы жәдит мектептердің саны мен маңызы айтарлықтай өсті. Зерттеуші М.М. Гумеров жәдит мектептерін зерттеу нәтижесінде олардың көпшілігі оқу-әдістемелік тұрғыдан бір-біріне айтарлықтай ұқсас болғанын айқындайды [13]. Ал М. Тунаның пікірінше, реформаланған медресе шәкірттері исламға берілгенділіктен ауытқып, улемдер қатарынан шыға бастаған. Ол сондай-ақ шәкірттердің Осман империясы мен Мысырдағы батыстандырылған секулярлы оқу орындарының түлектері сияқты секулярлы және космополиттік әлемге енгенін атап өтеді [14, 569-570]. Шәкірттердің дүниетанымындағы мұндай өзгерістер жәдиттік реформалардың тек оқу үдерісін жаңғыртумен шектелмей, кең әлеуметтік-мәдени ықпалға ие бола бастағанын көрсетеді.

Осындай жалпы империялық ауқымдағы реформаторлық үдерістердің жергілікті деңгейде қалай іске асқанын көрсету тұрғысынан А.А. Шариповтың «Роль медресе «Хусаиния» в формировании и возрождении мусульманского образования в Оренбургском крае» атты диссертациясы ерекше назар аударуға тұрарлық [15]. Зерттеуші ұйымдық және қаржылық қамтамасыз етілу деңгейінің жоғары болғанына қарамастан, «Хусаиния» медресесі революцияға дейінгі кезеңде реформаланған мұсылман бастауыш мектептері үшін педагогикалық кадрларды жаппай даярлау міндетін толық орындай алмағанын айтады. Оның пікірінше, мұндай нәтиженің негізгі себебі – медресенің консервативті бағыттағы басшылығы мен либералды көзқарастағы студенттері арасындағы шешілмеген ішкі қайшылықтардан туындаған [15, 17]. Зерттеушінің бұл тұжырымы жәдиттік білім беру тәжірибесінің күрделілігін, сондай-ақ оның аймақтық ерекшеліктерге тәуелді сипатта дамығанын айқын көрсетеді. Осыдан келіп, жәдиттік білім беру жүйесіндегі өзгерістер империялық деңгейдегі діни-саяси ұстанымдардың ықпалымен ғана емес, жергілікті қоғамдағы әлеуметтік-мәдени трансформациялардың да маңызды құрамдас бөлігіне айналғанын байқаймыз. Бұл құбылысты тереңірек түсіндіру мақсатында тағы өзге зерттеушілердің, атап айтқанда А. Мұсабекқызы [16], Е. Нұрахмет [17], М. Ә. Жолсейітова, Ш.Б.Сембиева [18], С. У. Абжалов, К. К. Базарбаев, Ж. Е. Нұрматов және Т. К. Абдрасиловтің [19] жеке және ұжымдық еңбектеріне жүгінілді.

Қорыта келгенде, қолданылған ғылыми зерттеу әдістері мен дереккөздер кешеніне сүйене отырып жүргізілген зерттеу жәдиттік реформалардың тек білім беру жүйесін ғана емес, сонымен қатар аймақтың әлеуметтік-мәдени дамуын да айтарлықтай өзгертетін кешенді әрі әмбебап феномен екендігін айқындайды.

Талқылау. XIX ғасырдың соңына қарай Ресей империясындағы діни, саяси идеологиялық үдерістер барған сайын күрделене түсті. Конфессиялық кеңістікте бұрыннан жасырын байқалып келген ішкі қайшылықтар айқын көрініс берді. Айталық, осы кезеңде жергілікті христиан халықтары арасында ресми православ шіркеуінің канондық ұстанымдарын толық қабылдамаған баптистер, адвентистер, менониттер, штундистер, молокандар және өзге де сектанттық бағыттағы қауымдардың белсенді миссионерлік жұмыс жүргізіп, дәстүрлі конфессиялық жүйеге елеулі ықпал ете бастады [7, 2]. Сонымен қатар бірқатар архив құжаттарында: «Қазіргі уақытта Дала өлкесі тек православие дінін ұстанатын шаруалардың ғана емес, тіпті кейбір священник-тердің де баптизмге еш кедергісіз және жаппай өтуіне куә болып отыр», – деп [7, 2], тиісті шара қолдануды сұраған өтініштер де кездеседі. Ал осыған параллель түрде Дала өлкесінде ғана емес, империядағы түркі-мұсылман халықтары арасында исламшылдық, түрікшілдік және ислам модернизмі идеялары да айтарлықтай белсенділік таныта бастады. Бұл үрдістер мұсылман қауымының діни-идеологиялық сана-сезіміне жаңа серпін беріп, аймақтық діни-саяси ахуалдың жалпы трансформациясымен өзара тығыз байланыста қалыптасты. Салыстырмалы түрде қарағанда, империя аумағындағы конфессия-лық кеңістіктің өзгеруі мен қоғамдық наразылықтардың өсуі мемлекеттің саяси әлсірей бастаған кезеңімен сәйкес келетінін байқауға болады. Осыған орай, шиеленістің одан әрі тереңдеуінің алдын алу мақсатында саяси билік өзінің діни

саясатының мазмұны мен басымдықтарын қайта қарауға мәжбүр болған деп пайымдауға болады.

Сөйтіп, билік тарапынан жарияланған 1905 жылғы манифест империя халықтарына белгілі бір деңгейде діни еркіндік беруді көздеді. Алайда, оның практикалық іске асырылуы реттеу тетіктеріндегі ішкі қайшылықтармен және әкімшілік шектеулермен қатар жүрді. Патша әкімшілігі, әсіресе мұсылман қауымына қатысты сақтық пен күмәнге негізделген көзқарасын жалғастыра берді [11, 583]. Сақтық шаралары мұсылман баспасөз құралдарына қатысты айқын көрініс тапты: Орынбордағы «Вақыт», Бақшасарайдағы «Тарджиман», Қазандағы «Йолдыз», «Баянуль-Хак», «Қазан мөһбири», «Идел», «Каспий» және басқа да мерзімді басылымдарды жаздыратын немесе сатып алатын тұлғалар арнайы бақылауға алынды [12, 81]. Бұл әрекеттер қозғалыстарды белгілі деңгейде бақылауда ұстауға ықпал еткенімен, халықтардың өз діни-мәдени мұрасын сақтап, оны заманауи талаптарға бейімдеуге бағытталған интеллектуалдық ізденістерінің қарқынды дамуына жол ашты. Соның бірі ХХ ғасырдың басына қарай кең тараған әлеуметтік қозғалыстардың бірі – жәдитшілдік қозғалысы болды.

Зерттеуші А.Халидтің пікірінше, жәдитшілер «өз қауымының құлдырауы мен әлсіздігін исламның шынайы жолынан ауытқуына» байланыстырды. Өйткені, жәдитшілердің пайымдауынша, мұсылмандар шынайы исламды ұстанған дәуірлерде білім мен күш жағынан әлемнің алдыңғы қатарында тұрған еді. Соған орай, мұсылман қауымының әл-ауқатын арттырудың басты жолы – «шынайы исламға» қайта оралу қажеттігі деп санады. Сонымен қатар, олардың түсінігіндегі «шынайы ислам» дәстүрлі ұғымнан айтарлықтай ерекшеленіп, тек мәтіндік дереккөздерді терең меңгеру мен білімге сүйенуді басты өлшем ретінде қарастырды [4, 16]. Нәтижесінде, Ресейдегі түркі-мұсылман халықтарының тарихында бұл үдеріс исламның моральдық және рухани құндылықтарын сақтай отырып, мұсылман мәдениетін модернизациялауға бағытталған ерекше үрдіс ретінде қарастырылады. Ол тек діни немесе зайырлы сипатпен шектелмей, екі аспектінің синтезі ретінде дамып, қоғамдағы әлеуметтік, мәдени және саяси өзгерістерге ықпал етті.

Егер ХVIII ғасырда Ғабдуррахим бин Гусман Утыз Имени мен Абуннаср Ғабдуннасир әл-Қурсави Бұхарадағы дәстүрлі исламдық білім мен оның Еділ-Жайық өңірі мұсылмандарының күнделікті өміріндегі практикалық маңызын қайта қарауды ұсынса [14, 542-543], ХІХ ғасырдың соңына қарай білім беру реформалары нақты тәжірибеге айнала бастады. 1880-жылдары мұны қырымдық педагог және қоғам қайраткері Исмаил Гаспринский бастатты. Ол жаңа фонетикалық оқыту жүйесін енгізіп, оны тәжірибеде қолданды. И.Гаспринскийдің идеялары Ресей империясының мұсылман қауымында кең таралып, жәдиттік мектептердің құрылуына серпін берді [9, 355-356]. Сөйтіп, 1880-1915 жылдары Еділ-Жайық өңірлерінде жаңа әдістемеге негізделген білім беру орталықтары біртіндеп қалыптаса бастады.

Мысалы, Самара губерниясында 1881 жылдан 1900 жылға дейін 65 мектеп пен 17 медресе ашылып, жалпы саны 170 мектеп пен 47 медресеге жетті. Алайда, жаңа әдістемелік оқу орын-дарының ашылу қарқыны салыстырмалы түрде баяу жүрді. 1898 жылы губерния аумағында барлығы 28 жәдит мектебі жұмыс істеді [13, 861].

Осы кезеңдерде Қазандағы «Мұхаммадия», Уфадағы «Ғалия» медреселері кеңінен танымал болды. Аталмыш білім ордалары аймақтағы діни-ағартушылық қозғалыстың дамуына ықпал етумен ғана шектелмей, түркі-мұсылман білім беру жүйесінің жетекші орталықтарына айналды. Деректерге сүйенсек «Ғалия» медресесі батыстық үлгіге бейімделген оқу бағдарламасына ие болып, діни пәндерден бірге химия, тарих, психология және орыс тілі курстарын қамтыған [14, 544]. 1907-1917 жылдар аралығында мұнда білім алған 950 шәкірттің 154 қазақ болған. Олардың арасында мүфтилікке емтихан тапсырған 59 қазақ баланың 51 мүдәріс болып шықса, 8 имам хатиб мұғалімі болып шыққан [16].

Сондай-ақ татар-башқұрт өңірлерімен тарихи-мәдени тұрғыда тығыз байланыста болған қазақ даласында да ұқсас ағартушылық үрдістердің дамығанын байқауға болады. Орынбор

генерал-губернаторлығының әкімшілік орталығында ағайынды Хусаиновтар негізін қалаған медресе өңірдегі жетекші ағартушылық мекемелердің бірі ретінде танылды.

Аталмыш білім ордасы да Орталық Азия мен Еділ өңірінен келген көптеген шәкірттерді қабылдау арқылы кең ауқымды интеллектуалдық орта қалыптастыруға мүмкіндік ашты. Деректерге сәйкес, медресенің жатақханасында (пансионда) 141, ал сырттан келушілер қатарында 138 шәкірт тіркелген, яғни жалпы саны 279 шәкірт білім алғаны көрсетілген [5, 4^б.] Алайда бұл мәліметтің нақты қай жылдарға қатысты екені дереккөзде көрсетілмеген.

Сонымен қатар, Жетісу жерінде де ағартушылық бастамалардың қарқын алғаны байқалады. Осы тұрғыдан алғанда, аймақтағы маңызды білім беру орталықтарының бірі ретінде «Мамания» мектебін атап көрсетуге болады. Бастапқыда дәстүрлі оқу бағдарламасымен жұмыс жасаған мектеп, жәдитшілдіктің ықпалымен кейіннен жаңа әдістемеге көшті. Мұнда 1913-1914 оқу жылдары 17 мұғалім жұмыс істеп, 200-дей шәкірт білім алды [16]. Бұдан әрі, өңірдің ағартушылық кеңістігін толықтыра түскен оқу орындарының бірі Верный қаласындағы Ысқақ Ғабдулвалиев негізін қалаған 1883 жылғы медресені атап өтуге болады. Бұл медреседе балаларға алты жылдық оқу бағдарламасы ұсынылып, бастапқы кезеңде шәкірттер саны шамамен 130 адамды құраған. Олар негізінен өңірдегі қазақ, қырғыз, ұйғыр, татар балалары болған.

Сонымен бірге, аймақта жәдиттік бағыттағы қыздар мектептерінің ашылуы білім беру жүйесінің әлеуметтік аясын кеңейткен маңызды құбылыс болды. Мұндай оқу орындары Верныйда, Қапалда және Жаркентте жұмыс істеп, олардың қызметін қаржыландыруға өңірдің дәулетті қазақ, ұйғыр және татар азаматтары белсенді түрде атсалысты [18, 33].

Айта кету керек, аталған үрдістердің жалғасып жатқанын көрсету мақсатында Семейден Сәдуақас Мұса Шорманов «Тарджиман» газетінің редакциясына қырғыз елінде тұрақты мешіттер мен мектептердің бар екендігі және көптеген балалардың ауылдар мен қалаларда діни білім алып жатқаны туралы хабарлама жолдаған болатын [8, 57].

Осы тәжірибелік бағыттың кең ауқымда дамуы империялық Түркістан өңірінде де байқалды. Бұл аймақта жәдиттік білім беру жүйесі қарқынды дамып, 1902-1903 оқу жылдары Ферғана, Қоқанд және Ескі Марғилан соттарының рұқсатымен жаңа әдістемелік бағыттағы мектептер ашылды. Мысалы, Суфи Бадал Ишан мектебінде 140 оқушы төрт мұғалімнің жетекшілігімен білім алған, Қасымбай мектебінде 145 оқушы бір мұғалім және үш көмекшінің басшылығымен оқытылған, ал Машраб мектебінде 50 оқушы бір мұғалімнің үш көмекшісінің жетекшілігімен білім алған [19, 134].

Осылайша, мектептер – бастауыш мектеп, медреселер – орта және жоғары деңгейде оқытуды жүзеге асырды. Негізінен оқу бағдары діни мәтіндерді және араб-парсы классикалық әдеби мұрасын зерттеуге бағытталды. Ұзақ уақыт бойы дәстүрлі исламдық оқу орындарына сүйенген күйінде сақталды.

Дәстүрлі мектептер мен медреселердің «жаңа әдісті» оқу орындарынан негізгі айырмашылығы онда ресми бекітілген оқу бағдарламалары мен жарғысы болмады. Яғни, әрбір мұғалім өз білімі мен тәжірибесіне сүйене отырып сабақ өткізді. Бұған қарамастан, дәстүрлі оқу орындары арасында пәндерді оқыту әдістемелері тұрғысынан аса ерекшелік байқалмады [10, 53].

Осы бағытта іргелі зерттеу жүргізген Калимуллиннің еңбегінде көрсетілгендей, мектептер-дегі оқу мерзімі нақты бекітілмеген болып, әдетте үш-төрт жылға созылды. Шәкірттер бастапқыда әріптердің дыбыстық мәнін емес, олардың атауларын үйренді. Әліппені игергеннен кейін оларды «Иман шарты» және «Афтияк» (Құранның ең ежелгі үзіндісі, оның жетіден бір бөлігіне тең) кітаптары арқылы араб мәтінін ескі, буындық-әріптік әдіс бойынша оқытты.

Дәстүрлі оқу орындарында білім сапасының төмендеуіне ықпал еткен маңызды факторлардың бірі – білім беру үдерісінің молданың көмекшілері болып табылатын хальфтар арқылы жүзеге асырылуы болды. Бұл дәстүрлі оқыту әдісінде молда-мұғалімнің барлық шәкірттерге бір уақытта сапалы білім беру мүмкіндігінің шектеулі болуымен түсіндіріледі. Сондықтан олар өздеріне көмекшілерді тағайындауға мәжбүр болды. Мысалы, 1896 жылы

Бирский уезінің Курдымово ауылындағы мектепте 138 бала оқыған және 20 хальф жұмыс істеген. Хальфтар-дың әрқайсысы әдетте үш-төрт оқушымен айналысса, тәжірибелілері 7-12, тіпті 20-30 оқушыдан тұратын топпен жұмыс істеген [10, 55]. Осылайша, хальф институты білім сапа-сының төмендеуіне белгілі бір дәрежеде ықпал еткенімен, педагогикалық кадрлар тапшы-лығын жою мақсатында мәжбүрлі түрде қолданылған шара болды.

Муазин, имам, хатип, факих, мұғалім, мударрис, қазы және мүфтилерді даярлаған медресе-лер өз заманында университеттердің теология факультеттерімен, діни семинариялармен немесе академиялармен тең дәрежеде саналды. Медреселердегі оқу мерзімі мектептердегідей нақты уақытпен шектелмесе де, оқу үдерісінің ұйымдастырылу тәртібі бойынша толық курсты меңгеру үшін кемінде 10-15 жыл қажет болды [10, 55-56].

Осындай жағдайда ағарту саласындағы кемшіліктер мен олқылықтарға қарсы жаңа әдісті мектептердің ашылуы заманауи және тиімді әлеуметтік шешім болып табылды.

Жаңа әдісті білім беру ордаларының ашылуы негізінен прогресшіл мұсылман зиялылары мен бай кәсіпкер көпестердің жеке тұлғалық немесе бірігіп атқарған қолдауымен жүзеге асырылды. Кәсіпкер көпестер жас мұсылмандарды капиталистік және жаһандық тұрғыдан интеграцияланған экономиканың талаптарына бейімделуге қажетті дағдылармен қамтамасыз ету қажеттілігін сезінген болатын [14, 544]. Соған сәйкес, бұл жаңашылдыққа айтарлықтай үлес қосқан түркістандық жәдиттік қозғалыс жетекшілері – Махмудхожа Бехбуди, Абдурауф Фиртат және Садриддин Айниді атап өтуге болады. Олар жаңа әдісті мектептердің ашылуына атсалысып қойған жоқ, сонымен бірге белсенді әдеби қызметпен де айналысты [3, 5].

Зерттеу тақырыбының негізгі нысаны болған ағайынды Хусаиновтардың қызметі ерекше назарға лайық. Олар Ресейдегі ең ірі мұсылман кәсіпкер көпес отбасыларының бірі болды. Олар Орал өңірінде орналасқан кемінде екі ірі медресенің – Орынбордағы Хусаиновтар және Уфадағы Усмания (Ғусмания) – реформалық бастамаларын қаржыландырды. Ал Усмания медресесінің түлегі Зия Кемали (1873-1942) Уфаның мұсылман қайырымдылық қоғамының шәкіртақысы бойынша Каирде білім алып, 1904 жылы Уфаға оралғаннан кейін бай мұсылман-дардың қолдауымен Еділ бойы, Орталық Азия, Қазақстан аумағына жоғары білімді оқытушы мамандар даярлаған прогресшіл бағыттағы білім ордасы Ғалия медресесінің негізін қалады [14, 544].

Ал, Хусаиния медресесінің Қамқоршылық және Бақылаушы кеңестерінің мүшелері бұл оқу орнының тұрақтылығын қамтамасыз етіп, білім беру үдерісінің үздіксіз жүзеге асуына қолдау көрсетті. Олардың қатарында Орынбор қаласының 1-ші гильдия көпесі Махмуд Галеевич Хусаинов, Махмуд Сайфульмулюкович Усманов, Мухамед-Шакир Мухамедсадыкович Рамеев, Мухамед-Закир Мухамедсадыкович Рамеев, Молда Габдул-Галим Габдулгалимович Давлетшин, Гайса Камидулович Еникеев (Қазан қаласында, Екатеринин көшесі, Рахматуллин үйінде тұрады), Насрулла Камалбаевич Ядгаров, Мұхамед Фатиха Гильманович Каримов, Мирза Закир Магиахмедович Хаиров, Мирза Габдулхамит Габдулганиевич Хусаинов [6, 77] бар еді. Кеңеске мүше болғысы келетін тұлғалар немесе ұйым өз атынан Кеңеске және оның Жарғысында көрсетілген мақсаттарға арнайы қайырымдылық жарнасын төлеуі тиіс болды. Сонымен қатар, ынталы тұлғаның жылдық табысы кемінде 500 рубльден кем болмауы қажет болды [6, 1^б]. Біздіңше, бұл шарттарды медресенің тұрақты жұмысын қамтамасыз етудің айрықша кепілдемесі ретінде қарастыруға болады. Осылайша, қаржылық талаптар мен қайырымдылық жарналардың енгізілуі оқу орнының басқаруындағы тұрақтылықты нығайтып, білім беру бағдарламаларының үздіксіз жүзеге асырылуына жағдай жасағанын атап өту қажет.

Қорыта айтқанда, прогресшіл тұлғалар жәдитшілдік идеяларын заманауи педагогикалық тәсілдермен біріктіріп, оқу орындарының құрылымын жаңғырту, оқу бағдарламаларын жетілдіру және оқушыларды өмірге қажетті біліммен қамтамасыз ету арқылы еуропалық озық мемлекеттердің білім жүйесіне қол жеткізуді негізгі бағыт ретінде қарастырды.

Дегенмен, бұл мақсаттарды іс жүзінде жүзеге асыру күрделі кедергілерге тап болды. Дәстүрлі жүйені қолдаушылар реформалық бастамаларға қарсылық танытып, олардың жүзеге асуына айтарлықтай тосқауыл қойды. Сол кезеңде жаңа педагогикалық әдістерді

тәжірибеге енгізетін мектептердің ашылуы, өз кезегінде, реформалардың нақты нәтижелерін айқындады, білім жүйесін модернизациялау процесін нақты қадамдармен ілгерілетті.

Осы тарихи контекст аясында жаңа әдістемеге сәйкес білім беретін оқу орындарының ерекшеліктерін тереңірек түсіну үшін Хусаиновтар медресесінің жарғысы мен оқу бағдарлама-сын талдау маңызды болып табылады.

Нәтижелер. Архивтік деректерге сәйкес, ағайынды Хусаиновтар негізін қалаған медресе 1891 жылғы 1 қаңтарда Орынбор қаласындағы Соборлық мешіттің жанында ашылды. Оны имам-хатиб және мүдәріс Ғабдулғалим Ғабдулғалламұлы Дәулетшин басқарды. Ол аталмыш лауазымға 1890 жылғы 31 желтоқсанда Орынбор губерниясы басқармасының бұйрығымен тағайындалды [5, 1].

Көптеген ғылыми еңбектерде бұл оқу орны «Хусаиния» атауымен белгілі болғанымен, Орынбор облысының Біріктірілген мемлекеттік архивінде сақталған ресми құжаттарда мұндай атау қолданылмайды. Архивтік деректерге сәйкес, медресе – ағайынды Хусаиновтар медресесі ретінде көрсетіледі. Бұл мәлімет оның тарихи атауы мен кейінгі ғылыми әдебиеттерде қалыптасқан атауының арасында айырмашылық бар екенін аңғартады.

Аталған оқу орнының қызметіне келсек, ашылған кезінен бастап жаңа әдістеме бойынша білім берген бұл медресе дәстүрлі оқыту жүйесін модернизациялау үдерісінде маңызды рөл атқарды. Қысқа уақыт ішінде өңірдегі жәдитшілдік бағыттағы білім реформаларының негізгі орталықтарының біріне айналып, жергілікті мұсылман қауымының ағартушылық дамуына елеулі ықпал етті.

Хусаиновтар медресесінде орыс сыныбының ашылуы Ресей империясының мұсылман оқу орындарын мемлекеттік білім жүйесіне біртіндеп жақындату, орыс тілін тарату және оқу үдерісін әкімшілік тұрғыдан бақылауды күшейтуге бағытталған жалпы империялық саясаттың құрамдас бөлігі болды. Осы саясаттың аясында Халық ағарту министрлігінің келісімімен медреседе орыс сыныбы ашылады. Бұл Орынбор оқу округінің құрылтайшысының 1894 жылғы 21 наурыздағы №1017 рұқсатымен жүзеге асырылып, хабарлама А.Г. Хусаиновқа 1894 жылғы 23 наурызда Орынбор губерниясының Халық училишелері дирекциясы арқылы №290 хатпен жеткізілді [5, 1^а].

Медресенің оқу бағдарламасы тек орыс сыныбымен шектелмей, жаңа әдістемелік принциптерге негізделіп, діни пәндермен қатар дүниелік сипаттағы пәндерді де қамтылды [5, 1^б]. Бұл оның білім беру бағытындағы жаңашылдық деңгейін айқын көрсетті.

№ 1 кесте. Медресенің білім бағдарламасы

№	Пән атауы
1	Ана тілде діни оқыту
2	Мұсылман теологиясы: ана тілінде және араб тілінде
3	Құран
4	Құранның түсіндірмесі
5	Пайғамбар Мұхаммедтің сөздері (араб тілінде)
6	Мұсылман құқық ілімі (араб тілінде)
7	Мұсылман құқық ілімінің негіздері (араб тілінде)
8	Доғматикалық теология (араб тілінде)
9	Мұхаммедтің (ғ.с. - автор) өмірбаяны (ана тілінде)
10	Ислам тарихы (ана тілінде)
11	Ана тілі
12	Араб тілі
13	Логика (араб тілінде)
14	Орыс тілі
15	Арифметика (ана тілінде және орыс тілінде)
16	Геометрия (ана тілінде)
17	Алгебра (ана тілінде)
18	География (ана тілінде және орыс тілінде)

19	Физика және химия (ана тілінде)
20	Жаратылыстану (ана тілінде)
21	Құқық негіздері (ана тілінде)
22	Гигиена (ана тілінде)
23	Педагогика (ана тілінде)
24	Қаріп жазу және сызу
25	Гимнастика (орыс тілінде)

Ұсынылған №1 кестеге сәйкес, медреседе діни пәндер жүйелі түрде тереңдетіп оқытылып, шәкірттерге исламның негізгі қағидалары мен моральдық-этикалық принциптері жан-жақты үйретілген. Бұл пәндер тек теориялық тұрғыда ғана емес, сонымен қатар діни тәжірибе мен күнделікті өмірде қолдану аясында да қарастырылған. Дереккөздерге сәйкес, дүниелік сипат-тағы пәндер тек шолу деңгейінде қарастырылып, негізгі түсініктер мен әдістер қарастырылған [5, 1^б]. Бұл шәкірттердің заманауи ғылым мен білімге алғашқы қадамдарын жасауына бағытталған еді. Сондай-ақ олардың кейінгі кәсіби және ғылыми дамуына іргетас қалады.

№ 2 кесте. Пәндердің оқу құралдарымен қамтамасыз етілуі

Пән атауы	Кітап атауы, авторы, жарық көрген қала, жылы
Мұхаммед пайғамбар (ғ.с.) өсиеттері	Китабуттажидь, Хусаин Забири, Каир.
Мұсылман құқықтану	Китабу Дедяръ Менгля-Хасру, Константинополь. Альманджаля Салим Ферис, Константинополь.
Мұсылман заңдарының негіздерін оқу	Альманарь, Қазан.
Догматикалық теология	Рисаля Таухидь, Мухамед-Габди, Каир.
Қасиетті тарих	Тарихь-Анбия, Каримов, Орынбор
Мұхаммед пайғамбар (ғ.с.) өмірбаяны	Нуриль-Якин Мухамед-Хузари, Қазан.
Ислам тарихы	Тарихуль-Исламь, Каримов, Орынбор
Логика	Шамсия Кутубутдин Разия, Санкт-Петербург, 30 сәуір 1896 ж.
Ана тілі	Блик-Юрди, Искендеров, Уфа, 1912 ж., Сарыфь-Наху, Ибрагимов, Қазан.
Араб тілі	Мабдуль-Кираатъ, Бикбулатов, Қазан, 1911 ж. Мабдулгарабия, Рашид-Шертуви (Шертуни), Бейрут. Солясатель-Кираатъ, Саркиса, Бейрут, 1912 ж. Гарабия Сариф (Сарнф) Арави, Қазан.
Орыс тілі	Букварь, оқу кітаптары I, II және III, Давис. Грамматика. I, II және III бөлімдері, Некрасов.
Арифметика орыс тілінде	Вишневский, Сахаров және Соколовтың есептер жинақтары
Орыс тарихы	Отрогорскийдің Қысқаша тарихы
География	Пуцьковичтің Географиясы
Арифметика ана тілінде	Валишевтің Есептер жинағы, Қазан, 1911 ж.
География ана тілінде	Фейзуллиннің Тағлим-Аграфия, Қазан, 1907 ж.
Жалпы тарих ана тілінде	Мурад-Бей. Тариху-Гамуми, Қазан.
Жаратылыстану	Фейзуллин. Гильми-Адья Табиғаттану, Қазан, 1907 ж.
Зоология және ботаника	Хусаин-Рамзи. Мавлюд-Саяса, Константинополь.
Химия	Кимия Ширнасия, Қазан
Физика	Хикмат. Салих Закия, Константинополь
Геометрия	Гандас
Алгебра	Альлабер (дұрыс оқылмайды). Фанни Мусалласат. Гизат Бей
Құқықтану	Криковский, Товетольстың еңбегі, Вильна, 1909 ж.
Педагогика	Усул-Тәдис (әріптер анық емес), Шинасия, Қазан.

Гигиена	доктор Басимидің Хиғау-Сихат, , Константинополь.
Гимнастика	Оқу құралынсыз, ауызша оқытылады

Медресенің оқу бағдарламасы аясында қарастырылатын оқу құралдарына тоқталсақ, діни оқыту негізінен Қазан қаласында жарық көрген Мақсүдидің «Ғибадату-Исламия» және Халидидің «Мұғамолят» еңбектеріне сүйене отырып жүргізілді. Аталмыш оқу құралдары медреседегі оқу үдерісінің құрылымын қалыптастыруда және шәкірттердің теориялық және практикалық дағдыларын дамытуда негізгі рөл атқарды. Теология пәні бойынша оқыту Құран-ның түсіндірмесі арқылы жүзеге асырылып, шәкірттердің діни мәтіндерді оқу, түсіну және талдау дағдыларын қалыптастыруға мүмкіндік берді. Әсіресе, Құран мен оның түсіндірмелері арқылы жүргізілген оқыту шәкірттердің исламдық құқық (фикх), сенім қағидалары (акида) және моральдық-этикалық нормаларды жүйелі түрде меңгеруіне жағдай жасады. Оқу бағдарламасында ұсынылған барлық пәндер оқу әдістемелік құралдар кешенімен қамтамасыз етілді. Ол № 2 кестеде ұсынылды [5, 2].

№ 3 кесте. Медресенің педагогикалық кадрлары

№	Аты-жөні	Педагогикалық кадрлардың атағы, білім деңгейін және оқытатын пәндері
1	Ғабдулғалим Ғабдулғалиямович Дәулетшин	Меңгеруші, имам мүдәріс. Ол Қашқар медресесінде, Қазан губерниясында білімін жетілдірген және Орынбор губерниялық басқармасының куәлігін алған.
2	Сунгатулла Бикбулатов	Араб тілі және Құранның түсіндірмесі пәндерінің мұғалімі. Ол Хусаинов медресесінде білім алған. Орынбор Мұсылман діни мәжілісінің шешімімен имам, хатып және мүдәріс атағы берілген куәлікке ие.
3	Айдаров Қараматулла Ахметшин	Діни пәндер мен Пайғамбар Мұхаммедтің хадистерін оқытқан, сондай-ақ діни құқық пәндері бойынша дәріс берген. Ол Хусаиновтар медресесінде білім алған, Қашқар мен Қазан губерниясында дайындықтан өткен және орыс тілінде бастауыш мұғалім атағы берілген куәлік алған.
4	Вахидов Шагилулла	Араб тілі және діни ілімдер пәндерін оқытқан. Ол Хусаиновтар медресесінде білім алған және Орынбор Мұсылман діни мәжілісінің шешімімен хатып және мүдәріс атағы берілген куәлік алған.
5	Мухемедиев Валиахмед	Арифметика мен геометрия пәндерін оқытқан. Ол Яркент медресесінде білім алған және Орынбор Мұсылман діни мәжілісінің шешімімен хатып және мүдәріс атағына куәлік алған.
6	Бекиров Мұхамед- Ханафи	Жаратылыстану және физика пәндерін оқытқан. Ол Троицк қаласындағы медреседе білім алған.
7	Мавлумбердиев Мұхамед-Мажид Аллабердин	Тарих және татар әдебиетін оқытқан. Ол Қазан қаласындағы медреседе білім алған.
8	Бинчантаев Ибрагим Мұхамед-Ярович	Ана тілі, ислам тарихы және арифметика пәндерін оқытқан. Ол Хусаиновтар медресесінде білім алған және куәлікке ие.
9	Валитов Замалитдин	Ана тілін оқытқан. Ол Қазан қаласындағы медреседе білім алған және Орынбор Мұсылман діни мәжілісінің шешімімен хатып және мүдәріс атағына куәлік алған.
10	Валишев Нурихмед Мұхамедзянович	География мен арифметика пәндерін оқытқан. Ол Хусаиновтар медресесінде білім алған және куәлікке ие.
11	Камалитдинов Салахутдин	Көркем жазу және сурет салу бойынша мұғалім. Қазан медресесінде білім алған және Орынбор Мұсылман діни мәжілісінің шешімімен имам хатып атағына куәлікке ие.
12	Алиев Мирза- Мунавир	Ана тілін және арифметика пәндерін оқытқан. Ол Вятский губерниясында Бобинко медресесінде білім алған.

13	Якупов Мұхамед-Шариф	Арифметика мен ана тілі пәндерін оқытқан. Ол Орынбор губерниясының Сеитовка поселкесіндегі медреседе білім алған.
14	Туктамышев Мирсаяф Мухамедзянович	Жоғары сыныптарда орыс тілі пәнін оқытқан. Ол Қазан татар мұғалімдер мектебінде білім алған және мұғалім атағына куәлікке ие.
15	Еникев Нигметжан Исхаков	Орыс сыныбының меңгерушісі. Орыс тілі, арифметика, орыс тарихы мен географиясы пәндерін оқытқан. Ол Қазан татар мұғалімдер мектебінде білім алған және мұғалім атағына куәлікке ие.
16	Рамиев Хаджихмед	Орыс сыныбының екінші мұғалімі. Орыс тілі, арифметика, тарих пен география пәндерін оқытқан. Ол Қазан татар мұғалімдер мектебінде білім алған және мұғалім атағына куәлікке ие.
17	Хакбердин Хусаин	Орыс сыныбының үшінші мұғалімі. Орыс тілі және арифметика пәндерін оқытқан. Ол Қазан мұғалімдер мектебінде білім алған және мұғалім атағына куәлікке ие.
18	Лебедев Александр Александрович	Гимнастика пәнінің оқытушысы. Казак офицері.

Медресенің педагогикалық құрамына назар аударсақ, № 3 кестеде кейбір мұғалімдердің осы оқу ордасының түлектері болғанын байқауға болады [5, 2^б-3]. Көптеген оқытушылар алғашқы кеңестік оқулықтардың, сөздіктердің, географиялық және тарихи карталар мен атластардың авторына айналды. Оқытушылардың құрастырған оқулықтары мен құралдары Еділ - Жайық өңірі, Сібір және Түркістандағы мұсылман мектептерінде кеңінен қолданылды [15, 21].

№ 4 кесте Оқытылған пәндердің мазмұны

№	Пән атауы	Мазмұны
1	Діни ілім	Құдайға, пайғамбарларға, періштелерге, қасиетті кітаптарға және Қиямет күніне сенім. Дәрет, намаз, сауда және оның ережелері, құрбандық шалу, зекет, ораза және қажылық. Сонымен қатар, некелеу, ажырасу, ант беру, өсиетнама.
2	Теология	Иман мен исламның мәні, Құдайдың қасиеттері, Құдайға сенім, пайғамбарларға, періштелерге, қасиетті кітаптарға, өмірден кейінгі өмірге сенім және пайғамбарлардың кереметтері. Құран және оның түсіндірмесі, Мұхаммед пайғамбардың өсиеттері, ислам құқығы, пайғамбарлар туралы қасиетті тарих.
3	Ислам тарихы	Араб түбегі, пайғамбардың ата-бабалары, оның пайғамбарлық жолы және өмірі. Исламның таралуы, пайғамбар Мұхаммед, сахабалар, Әбу Бәкір, Омар, Осман және Әли, халифтер, Омейядтар, Аббасидтер, Андалусия, шағын мемлекеттердің өмірі және крест жорықтары.
4	Пайғамбар Мұхаммедтің өмірбаяны	Уахийдің басталуы, уағыз, пайғамбардың өмірлік іс-әрекеттері, қарсыластарының әрекеттері, Мұхаммед пайғамбардың ізбасарларының Абиссинияға көшуі, Мұхаммедтің Мединаға қоныс аударуы, соғыстар.
5	Ана тілі	Әріптер мен дыбыстармен танысу, түсіндірмелі оқу, оқылған мәтіннің мазмұнын баяндау, өлеңдер, ертегілер, оқу және оларды мәнерлеп оқу, этимология мен синтаксисті меңгеру, әдебиет.
6	Араб тілі	Араб тілінде оқу, араб тілінің грамматикасы, араб тілінің сөздігі мен әдебиеті, белгілі араб жазушыларының шығармаларынан үзінділер мен өлеңдерге талдау жасау.
7	Логика (араб тілінде)	Түсініктер туралы ғылым, оларды түсіндіру, пайымдаулар, дәлелдер мен қорытындылар жасау туралы ілім.
8	Орыс тілі:	Дыбыстар мен әріптермен танысу, түсіндірмелі оқу, күнделікті әңгімелесу сабақтары, айналадағы және басқа да түрлі тақырыптар бойынша

		суреттермен жұмыс жасау, оқылған мәтіннің мазмұнын баяндау, өлеңдер мен ертегілерді жаттау, этимология мен синтаксисті меңгеру.
9	Тарих (орыс тілінде)	Острогорскийдің оқулығы бойынша орыс тарихы.
10	География (орыс тілінде)	Дүниежүзілік және Ресей империясы.
11	Арифметика (орыс тілінде)	Сандармен жұмыс жасау, кез-келген өлшемдегі сандар бойынша төрт амал (қосу, азайту, көбейту, бөлу). Құрама сандар, бөлшектер, жай және ондық бөлшектер және олармен жұмыс, өлшем жүйелері.
12	Арифметика (ана тілінде)	Жай сандармен, құрама сандармен, жай және ондық бөлшектермен төрт амал (қосу, азайту, көбейту, бөлу). Қатынас, пропорция, пайыздар, вексельдер есептеу.
13	Геометрия	Геометриялық фигуралар, теоремалар, үшбұрыштар, көпбұрыштар, шеңберлер, қатынастар, пропорциялар және стереометрия.
14	Алгебра	Төрт негізгі алгебралық амалдар, алгебралық белгілер мен бөлшектер, дәрежелер, түбірлер, теңдеулер мен теңсіздіктер, квадрат теңдеулер, белгілі көпмүшеліктермен шешімдер және шешімдерді табу тәсілдері.
15	География	Дүниежүзі, мемлекеттер, Ресей империясы, аймақтар, өнеркәсіп жағдайлары, өндіріс, фабрика зауыттық қазып алу, өңдеу, жол қатынастары.
16	Тарих (ана тілінде)	Орыс тарихы және жалпы тарих.
17	Физика	Кіріспе, дене қасиеттері, ауырлық күші, қозғалыс, құлау, күштер жұмысы, сұйықтықтар, газдар және бу.
18	Химия	Металлдар мен химиялық элементтер және олардың қосылыстары, химиялық процестер, заңдылықтар, кристалдану, химиялық белгілер, қасиеттері, элементтердің бөлінуі және қолданылуы.
19	Жаратылыстану бойынша	Ботаника. Өсімдіктердің сипаттамасы және топтастырылуы, өсімдік органдарын зерттеу, өсімдіктердің таралуын зерттеу.
		Зоология. Жануарлардың жеке түрлерін зерттеу, оларды сыныптарға бөлу, сүтқоректілер, құстар, бауырымен жорғалаушылар, олардың таралуы.
20	Гигиена	Микробтар, су, ауа, жылу алмастырғыштар, азық-түлік, ішімдік, жұқпалы аурулар, асқазан-ішек аурулары.
21	Педагогика	Физикалық тәрбие, отбасы, мектеп, денсаулық сақтау, гимнастика, рухани тәрбие, сыртқы және ішкі сезімдер, әдістеме мен дидактика туралы түсінік.
22	Заңтану	Мемлекет, министрліктер, жергілікті басқару туралы түсінік.
23	Гимнастика	Физикалық жаттығулар, параллельді брусаларда жаттығу, әскери эзірлік және сапқа тұруды үйрету.

Ұсынылған №4 кестеде медреседе оқытылатын пәндер, негізінен, діни және дүниелік білімдердің үйлесімділігіне бағытталған [5, 3^б-4^б].

Оқу бағдарламасын ұсынылған пәндердің мазмұны арқылы мынадай қорытынды жасауға болады. Оқу үдерісінің мазмұны шәкірттердің діни танымын тереңдетумен қатар, олардың жалпы білімдік және интеллектуалдық қабілеттерін дамытуға ықпал еткен. Оқу бағдарламасында қарастырылған діни пәндер арқылы шәкірттерге исламның негіздері мен рухани құндылықтарын үйрету, діннің терең мәнін түсіндіру көзделген деп топшылауға болады. Аталған пәндер шәкірттерді мұсылмандық сенім мен исламның моральдық-этикалық қағидат-тарына сәйкес өмір сүруге тәрбиелеуге бағытталған болуы ықтимал. Сонымен қатар, араб тілі мен логика сияқты пәндер діни мәтіндерді терең түсіну мен талдау дағдыларын қалыптас-тыруда маңызды рөл атқарған деп санауға болады. Бұл пәндер шәкірттерді теологиялық біліммен қатар, аналитикалық ойлау қабілеттерін дамытуға да ықпал еткен.

Сонымен қатар, оқу бағдарламасының мазмұнынан жаратылыстану және табиғат ғылымдарына, сондай-ақ практикалық білімдерге ерекше мән берілгені байқалады. География, тарих, арифметика, геометрия, алгебра, физика, химия және жаратылыстану пәндері шәкірттерге әлемнің құрылымы мен заңдылықтарын түсінуге, ғылыми ойлау қабілетін дамытуға ықпал еткен деп қарастыруға болады. Аталған пәндердің ғылыми білім мен практикалық дағдыларды қалыптастырудағы рөлі де осы тұрғыдан бағалануы мүмкін.

Бұған қоса, медреседе әлеуметтік және денсаулыққа қатысты пәндердің оқытылғаны шәкірттерге денсаулық сақтау, адамгершілік тәрбие, сондай-ақ қоғамдық заңдар мен нормалар туралы білім беру мақсатында ұйымдастырылған болуы мүмкін деп тұжырымдауға болады. Гигиена, педагогика, заңтану және гимнастика пәндері шәкірттерді әлеуметтік жауапкершілік пен дене шынықтыру дағдыларымен қамтамасыз етіп, олардың денсаулығы мен қоғам алдындағы жауапкершілігін арттыруға бағытталған деп қарастыруға болады.

Осылайша, медресе білім беру жүйесі діни, ғылыми және әлеуметтік білімдерді біріктіре отырып, шәкірттердің интеллектуалдық, моральдық және әлеуметтік құзыреттерін жан-жақты дамытуға ықпал ететін құрылым ретінде қарастырылуы мүмкін.

Ал архив қорларында сақталған медресенің Жарғысының жобасына тоқталатын болсақ, Ахмед Галеевич Хусаинов қайтыс болғаннан кейін құрастырылғанын айтамыз. Өйткені, құжатта «Уставъ Попечительнаго Совѣта о магометанскихъ училищахъ, медресе и мектебе, имени умершаго казанскаго купца Ахмета Галеевича Хусаинова въ гор. Оренбургъ» [6,1], - деп жазылған.

Жарғы жалпы 8 бөлім, 61 тармақтан құрастырылған. Атап айтқанда: 1) «Қамқоршылық кеңесінің мақсаты және құрамы, оның құрылтайшылары және мүшелерді сайлау тәртібі»; 2) «Қамқоршылық кеңестің қаражаты»; 3) «Қамқоршылық кеңестің істерін басқару құрылымы»; 4) «Жалпы жиналыс»; 5) «Қамқоршылық кеңестің Басқармасы»; 6) «Қамқоршылық кеңестің сметасы»; 7) «Хусаинов медресесі жанындағы Педагогикалық кеңес»; 8) «Қамқоршылық кеңесі заңды тұлға ретінде», - деп аталатын бөлімдерден тұрады.

Мысалы, Жарғының 5-Бөлім, §19-тармағында шәкіртақылардың тағайындалуы туралы көптеген тармақшалар келтірілген. Соның «л» тармақшасында: «Кеңесте қарастырылатын А.Г.Хусаинов атындағы Орынбор қаласындағы медресе мен мектептің, сонымен қатар олардың жанындағы ауруханалардың, сондай-ақ оларға қызмет көрсететін дәрігерлік және әкімшілік персоналдың қажетті шығындарының мөлшерін педагогикалық кеңестің ұсыныстарына сәйкес анықтау» [6, 4^б], - деп көрсетілген.

Сонымен қатар, 7-Бөлімнің §54-тармағында медресе жанында дәрігер тағайындалатыны және қызметі үшін айлық алатыны көрсетілген. Осы бөлімнің §55-тармағында дәрігердің міндеттері былайша нақты сипатталған: медресе жанындағы аурухананы басқаруы; науқас тәрбиеленушілерге, барлық мұғалімдер мен қызметкерлерге, сондай-ақ олардың отбасыларына медициналық көмек көрсетуі; шәкірттердің дұрыс дамуы мен физикалық шынығуына жағдай жасауы; медресе мен пансион ғимаратында қажетті гигиеналық талаптардың сақталуын қадағалауы; пансионерлерге берілетін тамақтың сапасына бақылауы; жұкпалы аурулары бар балалардың медресеге қабылданбауын қамтамасыз етуі.

Яғни, жоғарыда берілген тармақшалардың мазмұнынан медресе басшылығының әлеуметтік және денсаулық сақтау қызметтерін жүйелі түрде ұйымдастыруға деген ұстанымы нақты көрінеді. Бұл тұрғыдан алғанда, медресе тек білім беру орны ғана емес, сонымен бірге әлеуметтік және денсаулық сақтау қызметтерін жүзеге асыратын кешен ретінде құрылымданған деп тұжырымдауға болады.

Ал, Жарғының 6-Бөлімінің §30-тармағында шәкіртақылар мен басқа да аударымдарға қарастырылған қаражат көлемі нақты белгіленіп қана қоймай, сонымен бірге қаржылық дағдарыс немесе кіріс аз болған жағдайда қорғау шаралары да бекітілген. Онда капитал кірістерінен жыл сайын 129 696 рубль бөлінетіні туралы нақты, тұрақты сомма белгіленген. Соның ішінде: «500 рубль медресе үшін оқу құралдарын басып шығару, ысырапшылдыққа, маскүнемдікке, моральдық тұрмыстың ыдырауына қарсы, жалпы діни және ғылыми-моральдық мазмұндағы кітаптарды шығару үшін; § 19 тармағының “п” тармақшасына сәйкес – 1300 рубль; “р” тармақшасына сәйкес – 800 рубль; “с” тармақшасына сәйкес – 1200 рубль; “т” тармақшасына сәйкес – 1200 рубль; “у” тармақшасына сәйкес – 2000 рубль; «х» тармақшасына сәйкес – қажетті сомма және «ц» тармақшасына сәйкес жәрдемақы қарастырылады. Барлық осы сомаларды аударғаннан кейін қалған артық кірістер Кеңестің басқа іс-шараларына жұмсалады. Алайда кірістер жеткіліксіз болған жағдайда шәкіртақылар көлемі осы Жарғының

§ 19 тармағының «п», «р», «с», «т», «у» тармақтарына сәйкес қысқартылатыны [6, 6] көрсетілген.

Осы жерде «х» тармақшасы назар аудартады. Ол жерде қажылыққа жіберу туралы тармақ-ша былай қарастырылады: «Хусаинов медресесінің өте қабілетті екі шәкіртін Қажылыққа таңдау және жіберу, оларға Қажылықтан кейін Педагогикалық кенесте көрсетілгендей, мұсылмандық діни кітаптар жазылған араб тілін жетік меңгеруді жетілдіру міндеттемесі жүктеледі. Егер медреседе мұндай шәкірттер болмаған жағдайда Басқармаға басқа медреселерден шәкірттерді Қажылыққа таңдау құқығы беріледі» [6, 5-5^б]. Бұл ереже медресенің жетекшілігінің жеке медресе шеңберінен шығып, дарынды шәкірттерді жалпы қолдау саясатын жүзеге асырғанын, сондай-ақ діни және мәдени білімнің дамуына бағытталған қоғамдық жауапкершілікті мойындағанын айқындайды.

Қорыта айтқанда оқу бағдарламасының модернизациясы, жаңа педагогикалық әдістер, зайырлы пәндердің енгізілуі мен оқыту сапасының артуы медресені жәдиттік ағартушылықтың тірек орталығына айналдырды.

Қорытынды. Жәдитшілдік қозғалысы білім беру кеңістігінде терең құрылымдық өзгерістерге алып келіп, бірқатар дәстүрлі медреселердің өз оқу бағдарламаларын жаңғыртуына, зайырлы пәндерді енгізуіне және жаңа әдісті мектептердің қалыптасуына негіз болды. Сондай-ақ түркі-мұсылман халқының мәдени бірегейлігін сақтау мен дамытуға бағытталған рухани-интеллектуалдық қозғалыстың құрамдас бөлігіне айналды. Алынған нәтижелер көрсеткендей, бұл үдеріс ұлттық сананы қалыптастыруға, әлеуметтік-мәдени өзгерістерге және аймақтық интеллектуалдық элитаны дамытуға да әсер етті.

Архив материалдары ағайынды Хусаиновтар медресесінің жәдиттік қағидағтарды тек формалды түрде қабылдап қойған оқу орны емес, оларды жан-жақты және жүйелі түрде іске асырған кешенді білім беру институты болғанын дәлелдейді. Медресенің Жарғысында белгіленген басқару құрылымы, тұрақты қаржыландыру тетіктері, шәкіртақы жүйесі, сондай-ақ медициналық және санитарлық қызметтің ұйымдастырылуы оқу орнының әлеуметтік жауапкершілікті, мәдени-ағартушылық қызметті және білім сапасын біртұтас модель ретінде үйлестіре білгенін көрсетеді.

Сонымен қатар, мұсылман мектептері үшін педагогикалық кадрларды көптеп даярлауды толыққанды жүзеге асыра алмағанына қарамастан медресені өңірлік деңгейден шығып, кең ауқымды қамтыған модернистік ағартудың стратегиялық орталығы ретінде бағалауға болады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1 Kushenova G., Auanasova A., Drozd R. *Islamist Movement In The Kazakh Steppe: A Historical Analysis In Global Context //European Journal of Science and Theology.* – 2025. – Vol.21. –№2. – P.63-78.

2 Khalid Adeeb. *Being Muslim in Soviet Central Asia, or an Alternative History of Muslim Modernity // Journal of the Canadian Historical Association. Revue de la Société historique du Canada.* – 2007. – Vol. 18. – №2. – P. 123-143.

3 Auanasova A., Auanasova K., Nurpeissova Y. & Ibrayeva A. *The role of the Jadid movement in state-building processes in Central Asia: The creation and legacy of Turkestan autonomy // National Identities.* 2025. P. 1-18. <https://doi.org/10.1080/14608944.2025.2477043>

4 Khalid Adeeb. *Jadidism in Central Asia: Islam and Modernity in the Russian Empire // ISIM Newsletter. Leiden.* – 1999. – Vol.2. – Issue 1. – P.16. URL: <https://hdl.handle.net/1887/17145>

5 *Сведения о медресе Хусаиновых в г. Оренбурге. Государственное бюджетное учреждение Объединенный государственный архив Оренбургской области.* – Ф. 213. – Оп. 1. – Д. 5. – Л. 4.

6 Устав попечительного совета о магометанских училищах и мектебе имени умершего Ахмета Галеевича Хусаинова. Объединенный государственный архив Оренбургской области. – Ф.213. Оп. 1. – Д. 63. – Л. 9.

7 Рапорт коллежского советника А.А. Кологривова о командировке в Степной край для изучения причин усиленного развития сектантства. Российский государственный исторический архив. – Ф.821. – Оп. 133. – Д. 289. – Л. 64.

8 Наши корреспонденции// Гаспринский И. Полное собрание сочинений. Т. III. Публицистика: 1887–1890 гг. / Гл. ред. Р. С. Хакимов; сост. С. А. Сеитмететова. – Казань – Симферополь: Институт истории им. Ш. Марджани АН РТ, 2019. – 560 с. ISBN 978-5-94981-271-6. ISBN 978-5-94981-321-8 (т. III).

9 Исмайыл бек Гаспрински// Әлихан Нұрмұхамедұлы Бөкейхан (1866-1937) Шығармаларының 7 томдық жинағы. Полное собрание сочинений в 7-и томах. Астана: «Сарыарқа» БҰ, 2010, 560 б. V том. ISBN 978-601-277-062-9.

10 Калимуллин Р.Х. Модернизированный джадидизм в России: монография.- Уфа: Изд-во БГПУ, 2011. – 126с. ISBN 978-5-87978-702-3

11 Brower Daniel. Russian Roads to Mecca: Religious Tolerance and Muslim Pilgrimage in the Russian Empire // *Slavic Review*. Cambridge University Press. – 1996. – Vol. 55. – № 3. P. 567-584.

12 Волков И.В. Панисламизм, власть и сыск в царской России: Туркестанский азимут // *Отечественная история/National History*. – 2024. – Квио. – № 01(205). – С. 79-84. DOI: 10.24412/2070-9773-2024-1-79-84.

13 Гумеров М.М. Джадидизм как новое явление в системе образования мусульман Самарской губернии на рубеже XIX-XX вв. // *Minbar. Islamic Studies*. – 2022. – №15(4). – С. 856–868. DOI: 10.31162/2618-9569-2022-15-4-856-868.

14 Tuna Mustafa. Madrasa Reform as a Secularizing Process: A View from the Late Russian Empire // *Comparative Studies in Society and History*. – 2011. – №53(3). – P. 540–570. doi:10.1017/S0010417511000247

15 Шарипов А.А. Роль медресе «Хусаиния» в формировании и возрождении мусульманского образования в Оренбургском крае. – Автореферат дисс. на соискание уч. степени канд. ист. наук. – Казань. – 2014. – 27 с.

16 Мұсабекқызы А. XX ғасыр басындағы ағарту мектептерінің дәстүрін жалғау мүмкін бе? // <https://el.kz/khkh-asyr-basynda-y-a-artu-mektepterini-d-st-rin-zhal-au-m-mkin-be> 51875/

17 Нұрахмет Е. Қазақ байлары: Мамания мектебінің тарихы // <https://e-history.kz/kz/news/show/32626>

18 Zholseitova M.A., Sembiyeva Sh.B. Some Aspects Of The Activities Of The Kazakh Intelligentsia In The Jadid Movement In Kazakhstan (late 19th - early 20th centuries) // *Bulletin of history*. – 2021. – №1 (100). – P. 28-38. ISSN 1563-0269, eISSN 2617-8893.

19 Abzhalov S.U., Bazarbayev K.K., Nurmatov Zh.Y., Abdrassilov T.K. An Analysis Of Contribution Of Jadid Movement In Modernisation And Reform Of Education In Central Asia // *Дінтанулық және исламтанулық зерттеулер. Религиоведческие и исламоведческие исследования. Adam Aletı*. – 2024. – №1 (99). – P. 129-142. <https://doi.org/10.48010/aa.v99i1.385>.

References:

1 Kushenova G., Auanasova A., Drozd R. Islamist Movement In The Kazakh Steppe: A Historical Analysis In Global Context // *European Journal of Science and Theology*. – 2025. – Vol.21. – № 2. – R.63-78. [in English].

2 Khalid Adeeb. Being Muslim in Soviet Central Asia, or an Alternative History of Muslim Modernity // *Journal of the Canadian Historical Association. Revue de la Société historique du Canada*. – 2007. – Vol. 18. – №2. – R. 123-143. [in English].

3 Auanasova A., Auanasova K., Nurpeissov Y. & Ibrayeva A. *The role of the Jadid movement in state-building processes in Central Asia: The creation and legacy of Turkestan autonomy* // *National Identities*. 2025. P. 1-18. <https://doi.org/10.1080/14608944.2025.2477043>. [in English].

4 Khalid Adeeb. *Jadidism in Central Asia: Islam and Modernity in the Russian Empire* // *ISIM Newsletter*. Leiden. – 1999. – Vol.2. – Issue 1. – P.16. URL: <https://hdl.handle.net/1887/17145>. [in English].

5 Svedeniya o medrese Husainovyh v g. Orenburge. *Gosudarstvennoe byudzhethnoe uchrezhdenie Ob"edinennyj gosudarstvennyj arhiv Orenburgskoj oblasti*. – F. 213. – Op. 1. – D. 5. – L. 4. [in Russian].

6 Ustav popechitel'nogo soveta o magometanskih uchilishchah i mektebe imeni umershego Ahmeta Galeevicha Husainova. *Ob"edinennyj gosudarstvennyj arhiv Orenburgskoj oblasti*. – F.213. Op. 1. – D. 63. – L. 9. [in Russian].

7 Raport kollezhskogo sovetnika A.A. Kologrivova o komandirovke v Stepnoj kraj dlya izucheniya prichin usilennogo razvitiya sektantstva. *Rossijskij gosudarstvennyj istoricheskij arhiv*. – F.821. – Op. 133. – D. 289. – L. 64. [in Russian].

8 Nashi korrespondencii // *Gasprinskij I. Polnoe sobranie sochinenij. T. III. Publicistika: 1887–1890 gg. / Gl. red. R. S. Hakimov; sost. S. A. Seitmemetova*. – Kazan' – Simferopol': Institut istorii im. Sh. Mardzhani AN RT, 2019. – 560 s. ISBN 978-5-94981-271-6. ISBN 978-5-94981-321-8 (t. III). [in Russian].

9 Ismajyl bek Fasprinski // *Alihan Nurmuhameduly Bokeyhan (1866-1937) Shygarmalarynyn 7 tomdyq zhinagy. Polnoe sobranie sochinenii v 7-i tomah*. – Astana: «Saryarqa» BY. 2010. – 560 b. V tom. ISBN 978-601-277-062-9. [in Russian].

10 Kalimullin R.H. *Modernizirovanny dzhadidizm v Rossii: monografiya*. – Ufa: Izd-vo BGPU. – 2011. – 126 s. ISBN 978-5-87978-702-3. [in Russian]

11 Brower Daniel. *Russian Roads to Mecca: Religious Tolerance and Muslim Pilgrimage in the Russian Empire* // *Slavic Review*. Cambridge University Press. – 1996. – Vol. 55. – № 3. R. 567-584. [in English].

12 Volkov I.V. *Panislamizm, vlast' i sysk v carskoj Rossii: Turkestanskij azimut* // *Otechestvennaya istoriya/National History*. – 2024. – *Klio*. – № 01(205). – S. 79-84. DOI: 10.24412/2070-9773-2024-1-79-84. [in Russian].

13 Gumerov M.M. *Dzhadidizm kak novoe yavlenie v sisteme obrazovaniya musul'man Samarskoj gubernii na rubezhe XIX-XX vv.* // *Minbar: Islamic Studies*. – 2022. – №15(4). – S. 856–868. DOI: 10.31162/2618-9569-2022-15-4-856-868. [in Russian].

14 Tuna Mustafa. *Madrassa Reform as a Secularizing Process: A View from the Late Russian Empire* // *Comparative Studies in Society and History*. – 2011. – №53(3). – R. 540–570. doi:10.1017/S0010417511000247. [in English].

15 Sharipov A.A. *Rol' medrese «Husainiya» v formirovanii i vozrozhdenii musul'manskogo obrazovaniya v Orenburgskom krae*. – *Avtoreferat diss. na soiskanie uch. stepeni kand. ist. nauk*. – Kazan'. – 2014. – 27 s. [in Russian].

16 Musabekqyzy A. *XX gasyr basyndagy agartu mektepterinin dasturin zhalgau mumkin be?* // https://el.kz/khkh-asyr-basynda-y-a-artu-mektepterini-d-st-rin-zhal-au-m-mkin-be_51875/ [in Kazakh]

17 Nurahmet E. *Qazaq baylary: Mamaniya mektebinin tarihy* // <https://e-history.kz/kz/news/show/32626> [in Kazakh].

18 Zholseitova M.A., Sembiyeva Sh.B. *Some Aspects Of The Activities Of The Kazakh Intelligentsia In The Jadid Movement In Kazakhstan (late 19th - early 20th centuries)* // *Bulletin of history*. – 2021. – №1 (100). – R. 28-38. ISSN 1563-0269, eISSN 2617-8893. [in English].

19 Abzhalov S.U., Bazarbayev K.K., Nurmatov Zh.Y., Abdrassilov T.K. *An Analysis Of Contribution Of Jadid Movement In Modernisation And Reform Of Education In Central Asia* //

Dintanulyq zhane islamtanulyq zertteuler. Religiovedcheskie i islamovedcheskie issledovaniya. Adam Alemi. – 2024. – №1 (99). – P. 129-142. <https://doi.org/10.48010/aa.v99i1.385>. [in English].